

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ АППАРАТЫ
мен
ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫ
арасындағы
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі бірлесіп – Тараптар, ал жекелегендегі Тарап деп аталатын, бір тараптан Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппараты және екінші тараптан Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК,

күкүйек саласындағы ғылым мен мәдениетті дамыту мәселелері бойынша тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға ұмтыла отырып,

әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыруға жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін іске асыру үшін біліктілігі жоғары зангер кадрларды даярлау, Қазақстан Республикасының Конституциясын және қазіргі заманғы конституционализм қағидаттарын, конституциялық үйлесімділік пен конституциялық құндылықтарды насиҳаттау, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және конституциялық зандылық режимін нығайту саласында ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2-бап

Осы Меморандумның мақсатын іске асыру үшін Тараптар бір-бірімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- бірлескен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, Тарапқа (Тараптарға) арналған құндер, басқа да ұқсас ғылыми іс-шаралар мен бастамалар еткізу;

- заннаманы жетілдіруге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларын іске асыруға қатысу;

- конституциялық іс жүргізу шенберінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының отырыстарына қатысу;

- Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының отырыстарына сарапшы ретінде қатысу мүмкіндігі;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қауулыларын іске асыру бойынша Парламент Палаталарының жұмыс топтарының отырыстарына қатысу;
- Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдаудың жобасына талдамалық материалдармен, ұсыныстармен алмасу;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, талдамалық материалдарды дайындау;
- деректермен ақпарат алмасу;
- бірлескен жұмыстарды орындау нәтижелері бойынша бірлескен ғылыми және оқу еңбектерін жасау және баспадан шыгару;
- жарияланымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратпен алмасу;
- Тараптардың бірі ұйымдастыратын алдағы халықаралық конференциялар, көрмелер туралы Тараптарға хабарлау;
- халықаралық ұйымдардың сараптамалық аландарының жұмысына қатысу.

3-бап

Осы Меморандумның 2-бабында айқындалған іс-шаралардың іске асырылу шарттарын Тараптар жекелеген келісімдерде айқындауы мүмкін.

4-бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру тиісінше Тараптардың ресурстар мүмкіндігіне және қаржылық қолдауына байланысты болады.

5-бап

Тараптардың өзара келісіуі бойынша осы Меморандум қосымша келісімдерге қол қою арқылы өзгертуі және толықтырылуы мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылады және тиісінше ресімделіп, оған Тараптардың уәкілетті адамдары қол қоюға тиіс.

6-бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Меморандум шеңберінде туындастырылған даулар Тараптар арасындағы талқылаулар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

7-бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған кезден бастап қүшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданыста болады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы аяқталуына дейінгі 6 (алты) айдан кешіктірмей Меморандумның қолданылуын тоқтатуға ниет білдірмесе, келесі 5 (бес) жылға автоматты турде ұзартылады.

8-бап

Осы Меморандумға **2024 жылғы 10 мамырда Астана қаласында** қазақ және орыс тілдерінде екі данада қол қойылды, олардың әрқайсысының заңды қүші бірдей болады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ
АППАРАТЫ ҮШІН**

**ПАРЛАМЕНТАРИЗМ
ИНСТИТУТЫ ҮШІН**

